

"Ақылы негізде көрсетілетін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 412 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 26 тамыздағы № 655 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 3 қыркүйекте № 19330 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Ақылы негізде көрсетілетін қызметтерге тарифтерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 3 тамыздағы № 412 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15624 болып тіркелген, 2017 жылы 19 қыркүйекте Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ақылы негізде көрсетілетін қызметтерге тарифтер осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және оған енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығына жүктелсін.

4. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қорғаныс министрі генерал-майор

Н. Ермекбаев

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2019 жылғы 26 тамыздағы
№ 655 бұйрығына
қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 3 тамыздағы
№ 412 бұйрығымен
бекітілді

Ақылы негізде көрсетілетін қызметтерге тарифтер

№	Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің Спорт комитеті – Армия орталық спорт клубы филиалының атауы	Көрсетілетін қызметтер атауы	Құны (теңге)			
			1 сағаттан айына 12 сабақ		бір рет болу	
			ересек адам	балалар	ересек адам	балалар
043 көрсетілетін қызметтер түрі – Дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық қызметтер						
1	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы қаласы)	Бір көрсетілетін қызметті алушыға арналған тренажер залындағы дене шынықтыру-сауықтыру сабақтары	10 000			
2	Судағы даярлық орталығы	Бір көрсетілетін қызметті алушыға арналған жекпе-жек күрес және гимнастика түрлері бойынша спорттық сабақтар (дзюдо, акробатика, бокс, каратэ)	3 000			
		Жүзу бассейнінде дене шынықтыру-сауықтыру сабақтары	10 000	5 000	1 000	500
3	Спорт кешені (филиал, Алматы қаласы)	Жүзу бассейнінде дене шынықтыру-сауықтыру сабақтары	11 000	7 000	1 100	700
		Бір көрсетілетін қызметті алушыға арналған тренажер залындағы дене шынықтыру-сауықтыру сабақтары	6 000			
044 көрсетілетін қызметтер түрі – Қарулы Күштерге ведомстволық тиесілігі жоқ жеке және заңды тұлғалармен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметтер (жарыстарды, арнайы кешенді спорттық іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу)						
4	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы қаласы)	Тәулігіне бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу	8 000			
		Тәулігіне бір спортшыға тамақтанусыз, тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу	6 000			

5	Судағы даярлық орталығы	Тәулігіне бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу	4 000
		Тәулігіне бір спортшыға тамақтанусыз, тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу	2 000
6	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы Щучинск қаласы)	Тәулігіне бір спортшыға тамақтанумен және тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу	5 500
		Тәулігіне бір спортшыға тамақтанусыз, тұрумен оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу	2 500
		Тәулігіне бір спортшыға тамақтанусыз және тұрусыз шаңғы-роллер трассасында оқу-жаттықтыру жиындарын ұйымдастыру және өткізу	1 500
7	Спорт кешені (филиал, Алматы қаласы)	Жүзу бассейнінде спорттық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	12 000
		Спорт залында спорттық іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу, 1 сағат үшін	6 000
045 көрсетілетін қызметтер түрі – Спорттық құралдарды және спорттық құрылыстарды беру жөніндегі қызметтер			
8	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Алматы қаласы)	Жаппай іс-шараларды өткізу үшін спорттық құрылыстарды беру (ұзақтығы 2 тәуліктен аспайтын)	2 000 000 (1000-нан артық, бірақ 2000 қатысушыдан аспайтын)
			1 000 000 (1000 қатысушыдан аспайтын)
		Спорттық құрылыстарды беру (гимнастика залы), 1 сағат үшін	10 000
		Спорттық құрылыстарды беру (спорт залы), 1 сағат үшін	6 000
		Спорттық құрылыстарды беру (футбол алаңы мен мини футбол алаңы), 1 сағат үшін	25 000
9	Судағы даярлық орталығы	Спорттық құрылыстарды беру (жүзу бассейні), 1 сағат үшін (1 жолақ)	3 000
		Спорттық құрылыстарды беру (спорт зал), 1 сағат үшін	4 000
		Спорттық құрылыстарды беру (футбол алаңы), 1 сағат үшін	5 000
10	Оқу-жаттықтыру орталығы (филиал, Ақмола облысы Щучинск қаласы)	Спорттық құралдарды беру (шаңғы, қарда жүретін көлік, коньки, плюшкалар, велосипедтер), 1 сағат үшін	500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК